

"Ауданда мүгедектерді, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" аудан әкімдігінің 2011 жылғы 24 мамырдағы № 84 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 236 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда № 3402 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 71 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 15.04.2016 № 71 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5-2) тармақшасына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21 бабына сәйкес аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауданда мүгедектерді, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" аудан әкімдігінің 2011 жылғы 24 мамырдағы № 84 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-4-182 тіркелген, 2011 жылғы 23 маусымда "Нарын-таңы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Р.

Өтеғалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Сұлтанбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК